

Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 25/8-VI "Риддер қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 35/9-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 7 қазандағы № 6189 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2020 жылғы 20 қазандағы № 48/3-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 20.10.2020 № 48/3-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.10.2020 бастап туындаған қатынастарға қолданылады).

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Риддер қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 25/8-VI "Риддер қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-4-181 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне 2018 жылғы 04 желтоқсанда электронды түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Риддер қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын

сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау жылына бір рет 25920 (жиырма бес мың тоғыз жүз жиырма) теңге мөлшерінде көрсетіледі." .

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

Г. Гильдерман

И. Панченко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК